

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Шарттың негізінде қандай да бір зияткерлік мәншік құқығы (патенттер, шешімдер, ноу-хау және авторлық құқықпен қорғалатын өзге де әзірлемелер) берілмейді. Авторлық құқықпен қорғалатын бағдарламалық қамтылымның қолданбаларына рұқсатсыз кіруден (бұдан әрі-БҚ) қорғаудың Құқық иеленуші-компаниясының (бұдан әрі - Құқық иеленуші) материалдары мұрағаттаудан, ақауы бар көшірмені ауыстырудан немесе БҚ-да қатені анықтау үшін басқа мақсаттар үшін көшіруге жатпайды.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, <және _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісінше ресімделген төлем шоттары мен шоттарды ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі - Акті) қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде тиісті түрде Қызметтер көрсету фактісі бойынша.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу

күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күні (Алматы қаласынан тыс жерде орналасқан жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұсталуға жатады (осы тармақ Жеткізуші ҚР резиденті болып табылмаған жағдайда қолданылады).

2.12. Жеткізушінің қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы не тиісінше тәсілмен ресімделгендерді ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ескертулер, сәйкессіздіктер, кемшіліктер, оның ішінде қызметтер көрсету және/немесе көрсетілген қызметтерді қабылдау - беру процесінде және/немесе қызметтер көрсету кезеңінде қызмет көрсетудегі қателер, іркілістер (бұдан әрі - ақаулар)

анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.

7) Қызметтер тиісінше көрсетілмеген жағдайда Жеткізушіден келтірілген залалды өтеуді талап етуге;

8) Шарттың 6-бөліміне сәйкес есептелген өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) сомасын Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызметтерді қабылдау-өткізу және/немесе көрсету процесінде және/немесе қызметтер көрсету кезеңінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды өз қаражаты есебінен дербес жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.

11) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Қызметтерді көрсету процесінде және/немесе Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпараттан басқа, өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

12) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланысатын тұлғаны анықтауға;

13) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатын қоспағанда, қандай да бір құжаттарды және/немесе ақпаратты пайдаланбауға;

14) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға және/немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өз бетінше көтеруге;

15) қайта ұйымдастырылған, таратылған не Қызметтер көрсетуге құқықтары жоғалған жағдайларда - бұл туралы Тапсырыс берушіні тиісті шешім/хабарлама қабылданған/алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті;

17) Тапсырыс берушіге кепілдік беруге:

- техникалық ерекше нұсқамасына сәйкес Тапсырыс берушіде белгіленген (бар) БҚ техникалық қолдауға (бұдан әрі – техникалық қолдау) ресми жазылымды сүйемелдеу және ұзарту;

- БҚ құқық иеленушісі де, Жеткізушінің өзі де көрсететін консультациялық қызметтерді техникалық қолдауға және ұсынуға;

- Жеткізушінің білікті және сертификатталған және техникалық және арнайы білімі бар және қолданбаларды рұқсатсыз кіруден қорғаудың бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеу және техникалық қолдау бойынша тиісті жұмыс тәжірибесі бар Жеткізуші маман/дарының қызмет көрсетуге;

- Шарттың қолданылу мерзімі ішінде БҚ-ның үздіксіз жұмыс қабілеттілігін және БҚ-ға техникалық қолдау көрсетуді қоса алғанда, қызметтерді уақтылы және сапалы көрсетуге міндетті.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеткізуші электрондық пошта арқылы Тапсырыс берушіге БҚ Құқық иеленушісінен Тапсырыс беруші Жеткізуші ұсынған тиісті кілтті/терді іске қосқан күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге БҚ ресми техникалық қолдауды ұзарту үшін қолжетімділік кілтті/терді ұсынуы тиіс.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай, немесе Тапсырыс берушінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы/тұрғылықты жерінің мекенжайы өзгерген жағдайда өзге де мекенжайлар.

4.3. Тапсырыс беруші ұсынған тиісті кілтті/оған қол жеткізуді іске қосқан күннен бастап (12 (он екі) ай бойынша техникалық қолдау кезеңі)).

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Қызметтер Жеткізушінің жолдамасы арқылы Тапсырыс беруші қызметкерінің PaltushevT@kasc.kz электрондық почтасына алынған келесі ақпаратты қамтитын Жеткізушінің хабарламасы (хаты) расталады:

- Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің деректерді өңдеудің негізгі және резервтік орталығында және Тапсырыс берушінің виртуалдандыру жүйелерінде орнату мүмкіндігімен өндіруші-компанияның (құқық иеленушінің) web-парақшасына (web-сайтына) кілт/тер оған қолжеткізу (сілтеме (гиперсілтеме) түрінде ұсынылатын ресми техникалық қолдауға сүйемелдеу мен қолжеткізуді ұсыну туралы растауды іске қосу нұсқаулары;

- Тапсырыс беруші техникалық қолдауға қолжеткізудің тиісті кілтін/оған қол жеткізуді белсендірген күннен бастап есептелетін, оның Құқық иеленушісінен БҚ техникалық қолдауға ресми жазылудың қолданылу мерзімі (басталу/белсендіру және аяқталу күндері) 12 (он екі) айға тең;

- БҚ-ға да, оны сүйемелдеу және Техникалық қолдауға да қатысты өзге де қажетті мәліметтер (электрондық почтаның мекенжайы/лары, ол арқылы өңделетін өтініштер, өтінімдер, хабарламалар, диспетчерлік қызметтің/Техникалық қолдау қызметінің не Жеткізушінің сертификатталған техникалық маманы/ дарының телефон/дар нөмірі/лері және т.б.).

5.2. Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізуші Тапсырыс берушіге Актіні 2 (екі) данада, төлем шотын және шот-фактураны қарауға және қол қоюға жібереді.

5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер көлемінің сапасын, толықтығын және олардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.4. Жеткізуші белгіленген мерзімде жоймаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты

болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әр жұмыс күн үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

4) Шарттың 3.3-тармағының 15) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған құпиялы ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Тапсырыс беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол өнім берушіге жоғалған пайданы өтемейді және өнім берушіге келтірілген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.10. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.11. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін

іздістiредi.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелердi орындау барысында келiспеушiлiктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшiн барлық қажеттi шаралар қабылдауға тиiс.

9.2. Тараптар келiсiмге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібiнде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледi және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушiнiң орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелерi өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиiстi шешiм қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетiлген өзгерiстердi қоспағанда, Шартқа барлық өзгерiстер қосымша келiсiммен ресiмделiп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс берушi мына:

1) Тапсырыс берушi Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткiзушi ұсынған мәлiметтерден дәйексiз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс берушi (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткiзушiге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткiзушi банкрот немесе төлемге қабiлетсiз болған, сондай-ақ тиiстi сот процесiне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда бiржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс берушi Жеткiзушiге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершiлiк атқармайды;

6) Жеткiзушi Шарт бойынша өз мiндеттемелерiн орындамаған немесе оны тиiстi түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда бiржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткiзушi Шарттың 6-бөлiмiне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрi орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда бiржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт бiржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушi Жеткiзушiге Шартты болжанатын бұзу күнiне дейiн күнтiзбелiк 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жiбередi, осы мерзiм өткеннен кейiн Шарт бұзылды деп саналады.

Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

